



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлығасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

и поверхностно смотрит на буквы, по начертаниям первых букв он догадывается, какое слово написано. Ещё менее внимательно ученик всматривается в слова, которые что написал сам. Какография учит более внимательно прочитывать написанное, учит поверять.

Все эти методические приёмы позволяют предупредить ошибки, уменьшить их количество, развивают орфографическую зоркость, навык звуко – буквенного анализа, самоконтроль. Систематически проводя указанные выше виды работ, формируется у учеников орфографическая зоркость.

Список литературы:

1. Пасынок Ю.Ю « Я иду на урок». – М., « Первое сентября», 2005.
2. Сусакова Н.Н. Творческие работы по русскому языку. Ростов – на – Дону. «Феникс», 2010.
3. Тикунова А.И. Сборник диктанов и творческих работ. – М., Просвещение, 1992.
4. Ундзенкова А.С. Русский с увлечением. – Екатеринбург., 1998.

ӘОЖ37.013.43

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – БОЛАШАҚ ҰСТАЗДАРДЫҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Бахтиярова Гульшат Рахметжановна
педагогикалық ғылымдар кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ профессоры,
Ақтөбе қ., Қазақстан
E-mail: aibol04@mail.ru
Баймаханова Жансая Қайырланқызы
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ 2-курс магистранты,
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада болашақ мұғалімдердің кәсіби мәдениетін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды негізге алудың маңыздылығы жан-жақты талданып, тұжырымдалады. Сонымен қатар «мәдениет», «кәсіби мәдениет» ұғымдары туралы көзқарастар мен пайымдаулар беріледі. Жоғарғы оқу орнының студенттерінің кәсіби мәдениетін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдаланудың рөлі, танымдық-тәрбиелік мәні сөз етіледі.

Түйінді сөздер: Мәдениет, кәсіби мәдениет, ұлттық құндылық, ұстаз, халықтық педагогика.

Аннотация

В статье всесторонне проанализирована и сформулирована важность формирования национальных ценностей в формировании профессиональной культуры будущих учителей. Также приводятся взгляды и суждения о понятиях «культура», «профессиональная культура». Говорится о роли использования национальных ценностей в формировании профессиональной культуры студентов высшего учебного заведения их познавательно-воспитательном значении.

Ключевые слова: Культура, профессиональная культура, национальные ценности, педагог, народная педагогика.

Abstract

The article comprehensively analyzes and summarizes the importance of taking national values as a basis in the formation of the professional culture of future teachers. Also, views and judgments about the concepts of «culture», «professional culture» are given. The authors emphasize the role of the use of national values in the formation of professional values of university students, especially the cognitive and educational value.

Key words: Culture, professional culture, national value, teacher, ethnopedagogy.

Қазіргі таңда болашақ мамандардың бойында ұлттық құндылықтар арқылы кәсіби мәдениетті тәрбиелеп, қалыптастыру – заманның басты, әрі маңызды талабының бірі болып отыр. Осы талап тұрғысынан алғанда, бүгінгі бәсекеге қабілетті, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны қалыптастыруда ұлттық құндылықтарымызды құрайтын дәстүрлі тәрбие мәдениетін басты назарға алудың маңызы ерекше деп

білеміз. Қазақстан Республикасының Этномәдени білім беру тұжырымдамасында: « Біз жаны да, қаны да қазақ, халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына ана сүтімен бірге сіңірген, егеменді еліміздің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет» – деп атап көрсетілгендей, біздің ата-бабаларымыздың игі тәрбие дәстүрлерін құрметтейтін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, еліміздің бірлігін сақтайтын тұлға тәрбиелеу білім берудің барлық салалары мен деңгейлерінің алдындағы негізгі міндеттердің бірі [1]. Сондықтан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды бастауыш сыныптардан бастап оқу-тәрбие үрдісіне енгізу арқылы ұлттық рухани байлығымызбен өскелең ұрпақты сусындату – бүгінгі мектеп пен ұстаздардың басты парызы. Осы тұста болашақ маман мұғалім ретінде қалыптасып жатқан, жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің бойында кәсіби мәдениетті ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру қажеттілігі бұрынғыдан да артып отыр.

Тіл білімі маманы, филолог ғалым, профессор Мұхтар Ғалиұлы Арынның: «ұстаз қандай болу керек дегенде, *бірінші* кезекте ұстаздың соңынан еретін шәкірті болу керек. *Екіншіден*, кез келген уақытта ұстаз ең білімді адам болуы керек. *Үшіншіден*, сыныпта сабақ беріп тұрған адамды мұғалім дейміз. Ұстаз қай жерде болса да, өзінің оқытушылық міндеттерін шын жүректен орындауы керек және өз жұмысында басқаларға үлгі болуы керек. *Төртіншіден*, ұстаз ұлттық сезімдерді, құндылықтарды насихаттауы, білдіруі, түсіндіруі және орындауы керек. Осындай адамдарды «Ұлт ұстазы» деп атайды» [2] деген байламды ойынтолық қолдаймыз. Бұл арқылы ғалымрасымен нағыз ұстаз рухы биік, ұлттық сана сезімді насихаттап, оны ұрпақ тәрбиелеудекәдесіне асыра алатын, дүниетаным аясы кең, жүрегінің жылулығын өз шәкірттеріне жеткізе алатын адам болары хақ екенін көрсетеді. Осы аталған адамдық асыл қасиеттер әр ұстаздың кәсіби болмысынан табылуы тиіс.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің кәсіби мәдениетін қалыптастыру мәселесінің теориялық негізі ең алдымен бізге «*мәдениет*», «*кәсіби мәдениет*» ұғымдарының мәні мен мазмұнын анықтап талдауды, түсіндіруді қажет етеді.

Бұл орайда ең алдымен біз, бүгінде көптеген ғылым салаларына ортақ «мәдениет» ұғымына түсінік беруді жөн көрдік. «Мәдениет» ұғымы аясында жүргізілген талдаулар, бұл категорияның тарихы өте тереңде жатқандығын, әрі қазіргі ғылымда осы ұғым аясында бірқатар пікірлер мен көзқарастардың бар екендігін көрсетеді. Сондықтан сол пайымдаулардың кейбіріне қысқаша шолу жасап, тоқталып өтейік.

Бүгінгі отандық «Мәдениеттану» оқулықтарында: «мәдениет – халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің, тәлімі мен тәрбиесінің, өмір сүру бейнесінің жиынтығы», – деп түсіндіріледі [3, б.89].

«Мәдениет» терминінің мәнін ашуға ағылшын ойшылы Э.Тайлор, австриялық психолог З.Фрейд, неміс философтары С.Пуфендорф, А.Швейцер, И.Г.Фихте, Ресей философтары В.М.Межуев, А.Лосев, А.В.Петровский, отандық ғалымдар М.Шоқайұлы, Д.Кішібеков, Т.Ғабитов, Ә.Нысанбаев және т.б. ғалымдардың еңбектері арналған. Осы және өзге де ғалымдар зерттеулеріне көз жүгіртер болсақ, «мәдениет» терминінің тарихи қалыптасуы ұзақ даму жолынан өткенін байқаймыз [4, б.190].

Алғашқыда 1967 жылы А.Моль өз зерттеулерінде «мәдениет» ұғымына 250-ден астам берілген анықтама бар деп көрсеткен болатын [5, б.65]. Ал бүгінгі таңда бұл ұғымға отандық және шетелдік әдебиеттерде берілген анықтамалар саны шамамен 1000-нан асады деген болжам айтылады. Олардың ішінде философиялық, ғылыми, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтану саласындағы анықтамалар «мәдениет» ұғымының әртүрлі аспектілерін ескере отырып тұжырымдалған көзқарастар бар екендігін көрсетіп отыр.

Олардың негізгілерін шартты түрде келесідей жүйелеп көрсетуге болады:

1. Мәдениет – бұл ерекше тарихи және нақты қоғамды бейнелейтін адамзаттың атрибуты;
2. Іс-әрекет (әдет-ғұрып, салт-дәстүр) үлгілерінің жиынтығы және оларды жүзеге асыру нысаны;
3. Адамның мінез-құлқы мен әлеуметтік іс-әрекетінің нәтижесі;
4. Адам баласының алғашқы өмірінен соңғы күніне дейін жасайтын іс-әрекеті;
5. Адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттеріндегі еркіндік мүмкіндігінің өлшемі;
6. Қарым-қатынас жасау тәсілі [5, б.67].

Осы берілген анықтамаларға, түсініктерге зер салып қарасақ, бұл көзқарастардың барлығы «мәдениет» ұғымы мен адам іс-әрекеті арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Сонымен әр түрлі ғылым салаларына ортақ «мәдениет» ұғымына берілген анықтамалар негізінде біз, «мәдениет» – қоғамдық-тарихи тәжірибе барысында адамзат жасаған және жасай беретін, адамдардың әр саладағы шығармашылық еңбектерінде қол жеткізген жетістіктері деген тұжырымның дұрыстығын мойындаймыз. Біздің бұл көзқарасымызды өзге де зерттеулер қолдайды.

Осындай мәдениет ұғымына берілген түсініктер негізінде біз, өз зерттеу пәнімізге орай «мәдениет» ұғымынан бастау алатын «кәсіби мәдениет» ұғымының мәнін ашуды жөн көрдік.

Кәсіби мәдениет – болашақ маманның танымдық және зияткерлік әлемін дамытуға ғана емес, сонымен қатар кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Шығармашылық – кәсіпке жеке тұлғаның дамуына, оның рухани тұрғыда жетілуінде маңызы зор [6, б.159].

Бұл орайда ең алдымен еске алатынымыз, кәсіби мәдениет – тиімді қызмет пен оның тиімділігін арттыру үшін ең ұтымды әдістерді қолдануға көмектесетін қажетті кәсіби білімді, дағдыларды және кәсіби тәжірибені қамтиды. Сондықтан ғалымдар кәсіби мәдениет – бұл оны кәсіби қызметте жүзеге асырудың білімі мен тәжірибесінің ерекше жиынтығы деп түсіндіреді. Мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудың әртүрлі аспектілері көптеген ғалымдардың зерттеу тақырыбына арқау болды. Бұл мәселе отандық *философтар* Ә.Н.Нысанбаев, Д.Кішібеков, Т.Х.Ғабитов, Н.Сәрсенбаев және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде де қарастырылған. Сол секілді философиялық, социологиялық және психологиялық мәселелер бойынша М.М.Бахтин, Б.С.Гершунский, Е.А.Климов, И.Я.Лернер секілді теоретик, педагогтар зерттеулер жүргізген. Болашақ мұғалімнің коммуникативтік мәдениеті оның кәсіби-педагогикалық мәдениетінің түрі ретіндегі мәселелер түрлі аспектіде С.Қозыбаева, А.Бегимова, С.К.Беркимбаева И.Ф.Исаев еңбектерінде зерттеліп, зерделенген. Ал «*мұғалімнің кәсіби мәдениеті*» ұғымының мазмұны және оның даму жолдары тақырыбында И.А.Зимняя, В.М.Монахов, В.А.Сластенин және т.б. ғалым, профессорлар өз зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі саласынан педагогтар даярлау жүйесінің ерекшеліктері мәселесі А.А.Жученко, Н.М.Жукова, В.В.Кузнецов, В.А.Федоров және т. б. ғалымдар еңбектерінде түрлі қырынан сөз етіліп қарастырылған [7, б.94].

Жоғарыдағы талдаулар болашақ мұғалімдердің кәсіби мәдениетін қалыптастыру мәселесі шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан кеңінен зерттелгендігін айқын аңғартады. Осы кәсіби мәдениетті қалыптастыру мәселелері туралы ғылыми әдебиеттердің, зерттеулердің молдығына қарамастан, біз өз зерттеуімізде болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің кәсіби-тұлғалық мәдениетін қалыптастыруда, ең алдымен ұлттық құндылықтарымызды негізге алудың маңызын айқындап, тұжырымдауға талпынамыз.

Ұлттық құндылықтар – халқымыздың ұлттық болмысымен ерекшелігін көрсететін тілі, мәдениеті, өнері, дәстүрлері. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері ұлттық құндылықтарымызды педагогикалық тәжірибеде негізге алу, оқу-тәрбие үрдісіне енгізу бойынша бірқатар жұмыстар жүргізіліп келеді.

Қазіргі жаңарған заманда қазақ елі жас ұрпақты тәрбиелеу үшін ел тарихы мен мәдениетін, ұмыт болып жатқан ұлттық құндылықтарымызды қайтадан қалпына келтіруді көздейді. Әрбір халықтың өзінің ұлттық құндылықтары арқылы дамуы, өзге елдерге үлгі болатыны сөзсіз. Сондықтан болашақ мұғалімдердің кәсіби мәдениетін халықтық тәрбиенің баға жетпес мұралары арқылы қалыптастырудың маңызы өте зор екені хақ.

Бүгінгі таңда отандық педагогикада этнопедагогика саласы бойынша ұлттық құндылықтар арқылы жас буынға тәрбие беруді ғылыми негізде педагогикалық тұрғыдан тұжырымдауда педагог ғалымдар С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, К.Ж.Төребаева, Г.Р.Бахтиярова және т.б. халық педагогикасының теориясын кеңінен насихаттауға өздерінің үлестерін қосты.

Жоғары білікті маман заман талабына сай кәсіби міндеттерді шешуге қабілетті, педагогикалық технологиялар мен техниканы еркін меңгерген, қоғамның дамуына ілесіп, жаңалыққа құштар болуы керек. Ол тұлға бойында білім беру үрдісінде кәсіби мәдениетті игеру барысында кезең-кезеңімен дамып, қалыптасып отырады.

Бұл орайда, әрине, ең алдымен ЖОО жағдайында студенттердің кәсіби мәдениетін қалыптастыруға ең бір тиімді ықпал ететін педагогикалық шарт университет ішінде ұйымдастырылатын түрлі бағыттағы іс-шаралар жүйесі. Оның ішінде еліміздің мәдениетін, өнерін, дәстүрлерін, ұлттық өнер туындыларын түрлі қырынан насихаттайтын танымдық, тәрбиелік іс-шаралар ерекше орын алады. Яғни, студенттер тобының өз белсенділіктерімен ұйымдастырылған «Қыз сыны», «Өнер алды қызыл тіл» сияқты, «Жыл басы Наурыз», «Ақындар мұшайрасы» атты студенттер арасында ұлттық салт-дәстүрлерімізді насихаттайтын топ сағаттарын түрлі формада өткізуді атап өтуімізге болады.

Осындай мақсатты, жоспарлы түрде жүйелі жүргізілетін бұл шаралар студенттердің ұлттық мәдениетке, салт-дәстүрімізге деген қызығушылығын оятып қана қоймай, этнопедагогикалық білім, біліктерін жетілдіріп, ұлттық салт-дәстүрлерді, халықтық педагогика элементтерін болмысымен қабылдауы және жалпы мәдени-ұлттық дүниетаным тұрғысында көрсете білуге ұмтылысын қалыптастырады. Сонымен қатар, тілдік мәдениетін жетілдіріп, кәсіби әдеп пен қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелейді.

Сонымен тұжырымдай келе, айтылған ұлттық құндылықтарға негізделген ЖОО-ғы оқу-тәрбие үдерісі жан-жақты жетілген кәсіп иесінің тұлғасын қалыптастыруда, жастардың бойында ұлттық рухты оятып, ұлттық сананы тәрбиелеуде, кәсіби мәдениетті, жоғары кәсіби құзыретті мамандар даярлауды жүзеге асыруда нақты нәтижелерге қол жеткізуге мол мүмкіндіктер береді. Бүгінгі студент, ертеңгі кәсіп иесі мамандардың азаматтық тұлғасын қалыптастырып, өмірде әртүрлі жағдаяттардан шығуда өз бетінше шешім қабылдай алатын, жан-жақты, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелейміз десек, ең алдымен ұлттық

құндылықтарымызды жастар санасына барынша жоғарғы оқу орнының білім мен тәрбие беру үрдісінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мақсатты, жүйелі түрде терең сіңіре білу – басты міндетіміз болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960003058_ (қаралған уақыт 19:45 25.11.2022ж.)
- 2 Профессор М.Ф.Арынның 85 жылдығына арналған «Арын оқулары» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары 20 мамыр, 2021 жыл. // file:///C:/Users/Zulka/Downloads/Argyn-20-07-2021.pdf (қаралған уақыт 20:11 26.11.2022 ж.)
- 3 Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 312 бет.
- 4 Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті. Оқу құралы. «Жұбанов кітапханасы» сериясы. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. – 354 бет.
- 5 Шулева Е.И. «Теория гуманитарной культуры в концепции социодинамики культуры А.Моля». ВЕСТНИК Челябинской гос.академии культуры и искусств, 2010г. (қаралған уақыт 17:15 24.11.2022 ж.)
- 6 Жүсіпова Ж.А. «Педагогикалық шеберлік»: Оқулық. – Алматы, 2011. – 316 бет.
- 7 Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.:Логос, 1999. – 384 с.

ӘОЖ376.1

АҚЫЛ – ОЙКЕМІСТІГІНІҢ ЖЕҢІЛ ДӘРЕЖЕСІ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨРУ АРҚЫЛЫ ҚАБЫЛДАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бегежанова Райхан Карымжановна
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Арнайы білім беру кафедрасы
Қостанай қ., Қазақстан
E-mail: raikhan_begezhanova@mail.ru
Исмаилова Зарема Нуржановна
«6В01902 Арнайы педагогика» ББ 3 курс студенті
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Арнайы білім беру кафедрасы
Қостанай қ., Қазақстан
E-mail: rahimdzhanova.28@mail.ru

Аңдатпа

Өзектілігі: Ақыл-ой кемістігі бар бастауыш мектеп жасындағы балалар үшін визуалды қабылдауды зерттеу мәселесі әсіресе өзекті болып табылады, өйткені мұндай балалардың визуалды қабылдауы ерекше сипатта болады. Ақыл-ой кемістігі бар балалар қоршаған әлемді жеткілікті түрде қабылдайды, бірақ бұл әлемді визуалды қабылдау процесінің өзі белсенді емес.

Мақсаты: ақыл – ой кемістігі бар бастауыш сынып оқушыларының көру арқылы қабылдауын ойын арқылы қалыптастыру.

Түйінді сөздер: ақыл – ой кемістігі, қабылдау қабілеті, визуалды қабылдау, кіші мектеп жасындағы оқушылар, дидактикалық ойын.

Аннотация

Актуальность: для детей младшего школьного возраста с умственной отсталостью проблема изучения зрительного восприятия особенно актуальна, так как зрительное восприятие таких детей носит особый характер. Дети с умственной отсталостью адекватно воспринимают окружающий мир, но сам процесс визуального восприятия этого мира не активен.

Цель: формирование зрительного восприятия младших школьников с умственной отсталостью с помощью игр.

Ключевые слова: умственная отсталость, восприятие, зрительное восприятие, учащиеся младшего школьного возраста, дидактическая игра.